



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 2 қараша

«ТрансОйл» сақтандыру компаниясы» АҚ-на сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуының алты ай мерзімге тоқтатылуы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «ТрансОйл» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы туралы» 2018 жылғы 29 қазан № 238 қаулысына сәйкес «ТрансОйл» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «ТрансОйл» СК» АҚ) жалпы сақтандырудың міндетті және ерікті нысандағы сақтандыру түрлері және қайта сақтандыру қызметі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген 2016 жылдың 6 қаңтарында № 2.1.42 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы:

- уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамау;

- негізделмеген сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлерін қолдануда көрінген сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін бұзу;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзу арқылы көрінген бұзушылықтар үшін, - алты айға тоқтатылды.

«ТрансОйл» СК» АҚ-қа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ұзартуды және сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жауапкершілігінің көлемін арттыруды көздейтін өзгертуді қоса алғанда, жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасауға, сондай-ақ сақтандыру агенті ретінде міндетті және ерікті нысандағы сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру делдалдығын жүзеге асыруға тыйым салынады.

«ТрансОйл» СК» АҚ бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті.

Лицензияның міндетті және ерікті нысандағы сақтандыру түрлері және қайта сақтандыру қызметі бойынша қолданылуы «ТрансОйл» СК» АҚ № 238 Қаулы жіберілген күннен бастап тоқтатылған болып есептеледі (2018 жылғы 31 қазан).

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz